

№ 1 Майқайың жалпы орта білім беру мекемесінің жанынан құрылған
Қамқоршылық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ

28.10.2019ж

Қатысқандар: 8

Қатыспаған -1

1. Искакова Б.Д.- төрайымы
2. Жиренова А.О.- орынбасары
3. Тумайкенов Н.- мүшесі
4. Тиыштуғанова С.- мүшесі
5. Какимова А.С.- мүшесі
6. Кенжебекова Г.К.- мүшесі
7. Бектемиров Қ.Б.- мүшесі
8. Шайменова А.С.

Күн тәртібінде:

1. Оқушыларды ыстық тамақпен қамту жағдайы, мектеп асханасындағы арендатордың есебі
2. Оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыру бойынша демеушілерді тарту

1-мәселе бойынша сөйледі: Искакова Б.Д.

- Бүгінгі Қамқоршылық кеңестің отырысында ыстық тамақпен қамтылу жағдайы, оның сапасы. Аудан әкімінің қаулысына сәйкес 1 наурыздан бастап барлық бастауыш сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылатын болады. Мектеп әкімшілігінің статистикасына сүйенсек: мектеп бойынша барлығы 710 оқушы болса, оның 70 отбасы көп балалы, онда 177 бала болса, оның 135 мектеп жасында. Аз қамсызданған 25 отбасында, 36 бала мектеп жасында. Бүгінгі күнге дейін жалпы оқу қорынан 132 бала қамтылған. Бастауыш сынып оқушыларының саны 302. 5-11 сынып оқушылары арасынан аз қамсызданған, көп балалы отбасынан 41 бала тамақтанады. Мектеп әкімшілігінің сұранысы бойынша басқа категориялардағы оқушыларды, мысалы, орта буындағы қамтылмай қалған көп балалы отбасы балаларын тамақтандыру үшін демеушілерді тарту мәселесі қойылып отыр.

Тыңдалды: Ыстық тамақпен қамтушы, мектеп асханасын арендаға алушы ЖШС «Табыс» кәсіпорнының директоры Токпаева Г.Ш.

Мен мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамтумен айналысқаным көп уақыт болды. Мәзір бүгінгі күні орталықтандырылған, 20 күнге жасалған. Мәзірде баланың жасына сай тамақ мөлшері мен калориясы көрсетілген. Бұл мәзір аудандық білім бөлімінің маманымен келісіліп жасалған. Тамақ сапасы арнайы құрылған мектепішілік комиссия тарапынан үнемі бақыланып тұрады. Медбике оқушыларға берер алдында міндетті түрде тамақтың дәмін татып, сапасын тексереді. Тамаққа қолданылатын барлық азық-түлік сертификатталған. Оқушыларды тамақтандыру барысында барлық санитарлық нормалар сақталады. Бүгінгі күнге дейін ата-аналар тарапынан ешқандай өтініштер түскен жоқ.

2-мәселе бойынша сөйледі: Жиренова А.Ө.

жетпейді. Сондықтан, кенттегі кәсіпорындарға қатынас хатпен шығып, оқу жылының соңына дейін қалған категориядағы балаларды ыстық тамақпен қамтуды қарастырсақ. Мысалы, «Майқайыңалтын» АҚ-на 5 оқушы, «Керегетас» руднигі 5 оқушы, жеке кәсіпкерлер 1 баладан алса, бұл мәселе шешімін табар деген ойдамын.

Тыңдалды: Какимова А.С.

5-11- сынып аралығында әлеуметтік қорғалмаған 46 бала тегін ыстық тамақпен қамтылуы керек. Қазіргі уақытта оның 21-і қамтылып, қалған 25 бала қамтылмай отыр. Бұл оқушыларды да демеушілер тауып, тегін ыстық тамақпен қамтуымыз қажет.

Тыңдалды: Тиыштуғанова С.

Мектепте тегін ыстық тамақпен қамтылмаған оқушыларды демеушілер тарапынан қамтуға болады деп ойлаймын. Демеушілерді тарту мақсатында бірнеше жолдарды қарастыру керек деп ойлаймын. Мысалы; Мектеп түлектерінде осы іске жұмылдыруға болады. Сонымен қатар, өз еркімен демеуші боламын деген адамдарды іздестіру қажет.

Сөйледі: Искакова Б.Д. Қамқоршылық кеңестің отырысына арендатор Г.Ш.Токпаевадан мәзірге өзгеріс енгізу туралы ұсыныс түсіп отыр. Ыстық тамақтың сапасын бақылау комиссиясымен бірлесе отырып бақылау барысында оқушылардың қапустадан жасалған салат пен балық сорпасын 80 пайыз оқушылардың толық ішпейтінін байқаған. Осыған байланысты балалар жейтін тамақтарға ауыстыруды сұрап отыр.

Тыңдалды Токпаева Г.Ш.

- Қырыққабат пен сәбізден жасалған салатты осы уақытқа дейін беріп келдік, мезгілі кетіп бара жатқаннан қапуста мен сәбізден жасалған салатты балалар жемегендіктен сыртқа төгіледі. Бұл бір жағынан қаражат, екінші жағынан бала тойып тамақ ішпей кетеді. Ал эксперимент ретінде 1-2 рет булочкаға ауыстырғанда балалар толық жеді. Балықтан жасалған тағамды да балалардың 80 пайызы жемей кетеді. Оны күріш қосылған ботқаға ауыстыруды сұраймын. Бал қосылған сүттің де көлемін азайтып, оның орнына шыршын беруді ұсынамын.

Сөйледі: Кенжекбекова Г.К.

-Тамақтану мәзіріндегі жалпы стандартты негізге ала отырып, заңды жүзінде ауыстыруға болатын жағдайда балалар жейтін тағаммен ауыстыруға болады деп ойлаймын. Ең бастысы бізге тамақты құр ұйымдастыру емес, оның баланың тауысып жегені қажет болу керек. Сондықтан, мен арендатордың сұранысын қанағаттандыру керек деп ойлаймын.

Сөйледі Тиыштуғанова С.

- Мен де осыған келісемін, ішпейтін тамақты стандарттағы тамақ түрімен ауыстыруға болады деп.

Сөйледі Искакова Б.Д.

Мектеп оқушыларының тағам рационы бойынша бірыңғай стандарттар әдістемелік ұсыныстарды ескерек отырып, мәзірге өзгерістер енгізіліп, толық мәзір кеңеске тапсырылсын.


Қаулы:

1. Мектеп оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылсын.
2. Оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыру бойынша демеушілерді тарту жұмысы жалғастырылсын.
3. Арендатор Г.Ш.Токпаеваның сұранысы бойынша мәзірге өзгерістер енгізіліп, енгізілген тағам түрі «Тағам рационы бойынша бірыңғай стандарт» талабына сай болуы қарастырылсын.
4. Мәзірге енгізілген тағам түрі жазылған мәзір қамқоршылық кеңесіне тапсырылсын.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы:

Хатшы:

Мүшелері:



Искакова Б.Д.

Какимова А.С.

Жиренова А. О.

Тиштуганова С.

Тумайкенов Н.С.

Кенжебекова Г.К.

Шайменова А.С.

Бектемиров К.Б.